

Халық сеніміне ие болған Жолдау



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқайевтың биылғы Халыққа Жолдауында жылдағыдай қазақстандықтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да назардан тыс қалмады. Сонымен қатар халықтың рухани-мәдени дамуына, заң мәселесі мен сыбайлас жемқорлық тақырыптарына да талдау жасалып, жақын уақыттарда атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

Президенттің қозғаған басты тақырыптарының бірі – білім мәселесі болды. Білім елді алға сүйрейтін негізгі күш дейтін болсақ, бұл мәселеге нөмірмен қарауға болмайды. «Бір мектеп – жүз тағдыр, Үстаздың жүгі ауыр» деп халық бекер айтпаса керек. Елдің болашақ тағдырын сенімді түрде келер ұрпақтың қолына беру үшін алдымен олардың білім деңгейі жоғары болуы шарт. Ол алдымен мектеп оқушыларының білім алу жолындағы материалдық базасын жақсартумен тығыз байланысты. «Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады» деген Президент сөзінің маңызы өте зор.

Президент қозғаған екінші бір өзекті мәселе – әйел адамдардың зейнетке шығу жасын қысқарту болды. 2028 жылға дейін аналарымыздың жасын 61 жас шегінде қозғай қалдыру – қоғамда бірнеше жылдардан бері көкейтесті болып келе жатқан осы тақы-

рыпқа тоқтау қойған сияқты. Бұл, әсіресе жұмысы ауыр ауыл халқының, ауыл әйелдерінің көкейіндегі мәселесі болатын.

Меніңше, ең маңыздысы болуы керек, бұл – Президент сайлауына байланысты тақырыптың қозғалуы болатын. Ешбір елде жоқ, бірінші болып бір адамның бір-ақ рет мемлекет басшысы бола алатындығы және де 7 жыл мерзімге сайлану құқығының болуы – бұл нағыз демократиялық халықтық биліктің бастауы деп атауға болады. Меніңше, сайлау ережесіндегі бұл өзгеріс халықтың билікке деген сенімін ұлғайтып, халық пен билік арасындағы алшақтықты жояды деп айтуға болар.

Жолдауда көтерілген саяси-құқықтық және тағы да басқа тақырыптағы мәселелер болашақта өз жолын табатынына сенемін. Көрсетілген бағыттар еліміздің өркениетті қоғамға қадам басып, алдыңғы қатарлы елдердің санатына ілігуге сеп болады деп үміттенеміз.

Р. АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры